

**«ЖАРТАС БЕТІНДЕГІ МӘДЕНИЕТ: АҢЫЗ, ӨНЕР, ӘЛЕМ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ СЕМИНАР ТУРАЛЫ**

© 2020 ж. Б. Б. Бесетаев

Халықаралық ғылыми семинар аясында жартас бетіндегі бейнелерді зерттеуге қатысты өзекті мәселелер мен қазіргі заманның жаңа әдістері талқыланды. Семинар жұмысына жақын және алыс шетелдерден келген ғылым мен мәдениет саласындағы жетекші ғалымдар қатысты. Халықаралық семинар «Жартас бетіндегі мәдениет: тарих іздері және бейнелер», «Жартас бетіндегі мәдениет: сюжеттер мен пиктограммалар» және «Жартас бетіндегі мәдениет: әлемдік тәжірибе және Әзербайжанның бүгінгі болмысы» атты тақырыптар аясында үш сессияда жүргізілді. Ғылыми семинар келесі күні өзінің жұмысын Гобустан ұлттық тарихи-шығармашылық археологиялық қорығында жалғасын тауып, қатысушылар петроглифтер музейі мен ежелгі бейнелеу өнерінің ескерткішімен танысты.

Түйін сөздер: Халықаралық семинар, заманауи әдістер, жартас бетіндегі мәдениет, петроглифтер, Гобустан

ТМД гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі мемлекетаралық қоры және Әзербайжан Ұлттық ғылым академиясының ұйымдастыруымен 2019 жылдың 8–9 қараша аралығында Баку қаласындағы (Әзербайжан Республикасы) Ұлттық ғылыми академиясының кітапханасында «Жартас бетіндегі мәдениет: аңыз, өнер, әлем» атты халықаралық ғылыми семинар өтті. Ғылыми семинарға ежелгі тарих пен байырғы өнерді зерттейтін әлемдік деңгейдегі түрлі саладағы ғалымдар Қазақстан, Беларусь, Қырғызстан, Молдова, Ресей, Тәжікстан, Түркия және т.б. мемлекеттерден шақырылды. Кейінгі жылдардағы жаңа материалдармен, жартас бетіндегі суреттерді зерттеудегі жаңа технологиялармен танысу, алынған негізгі нәтижелерді талқыға салу, сонымен бірге түрлі сала ғалымдарының өзара байланысы ғылыми семинардың негізгі мақсаты болып табылады.

Ғылыми семинардың ашылуы Әзербайжан Ұлттық ғылым

академиясының президенті, академик Ремиз Мехтиевтің кіріспе сөзімен басталды. Ол ғылыми семинардың өзектілігін, мақсаты мен міндеттірін айқындап, бүгінгі таңдағы ғылыми байналыстардың маңыздылығының жоғары екендігін ерекше атап өтті. Баяндама барысында алғашқы өркениеттердің қалыптасуы, ежелгі адамдардың қоныстануы, жартас бетіндегі өнер мен жазба-сызбаның қалыптасуы мен дамуы бүгінгі таңдағы әлемдік деңгейдегі өзектілігі жоғары мәселелері екендегін айтып кетті. Сонымен қоса, дәстүрге айналып келе жатқан ғылыми семинардың әр жылда әртүрлі ғылыми және мәдени тақырып айналасында өткізіліп, 2018 жылдың қарашасында Баку және Дубна қалаларында өткен «Физика және лирика» ғылыми семинарының негізгі нәтижелерін қорытындылап, сөз соңында ғылыми семинарға қатысушыларға сәттілік тіледі.

Келесі сөзді Әзербайжан ұлттық ғылым академиясының вице-президенті, Низами Гаяндже-



Рис. 1. Халықаралық ғылыми семинарға қатысушылар. Солдан оңға қарай: В.А. Кольченко, Д.В. Черемисин, Г.К. Омаров, Э.Р. Усманова, Р.С. Жұматаев, Р.К. Шарипов. Суреттің авторы: Б.А. Железняков

Fig. 1. Participants of the international scientific seminar. From left to right: V.A. Kolchenko, D.V. Cheremisin, G.K. Omarov, E.R. Usmanova, R.S. Jumatayev, R.K. Sharipov. Photo by B.A. Zheleznyakov

ви атындағы Әдебиет институтының басшысы, академик Иса Габибейли «Жартас бетіндегі мәдениет: аңыз бен шындық» атты баяндамасымен жалғастырды. Баяндамашы ғылыми тұрғыда түрлі этностардың қалыптасуы мен дамуын, тарихы мен мәдениетін, өмір сүру уақытын анықтайтын негізгі деректердің бірі ретінде жартас бетіне салынған бейнелер алғашқы қауымдық құрылыс қоғамындағы адамзаттың ойлау және есте сақтау білімінің көрсеткіші ретінде әлем ғалымдарының назарында екенін пайымдады. Әзербайжандағы жартас бетіндегі суреттер тұрғысында аңыздар мен шынайы арба, бұқа, ғұрыптық би, еңбек құралдарының бейнелеріне талдаулар жасай келе, аймақтағы отырықшы өркениеттің

жоғары дәрежеде дамығандығы жөнінде, сонымен қоса жартас суреттерін мерзімдеуде әр кезеңдерге тән қару-жарақ, құрал-сайман сияқты бұйымдар жақсы көрсеткіш бола алады. Міне осындай бейнелердің қатарында Гобустан ерекше орын алатындығын айтып өтті.

Иса Габибейли петроглифтерді тек өнер ескерткіштері ғана емес, «адамзат тарихының дамуындағы керуен жол» деп бағалап, тарихи кезеңдерді байланыстыратын сабақтастық мәселесін зерттеудегі маңызына тоқталды.

Қорытындылай келе, аталмыш ғылыми семинардың өтіп жатқаны түрлі ғылыми байланыстар мен ойлардың алмасуы, сонымен бірге, жас зерттеушілердің жаңа бастамала-

рына жол ашатынын айқындап кетті.

Кезекті баяндама Тәжікстан ғылым академиясының вице-президенті, академик Кароматулло Олимовтың «Жартас бетіндегі мәдениеттегі фәлсафа және экзистенциялық аспектілер» атты баяндамасымен жалғасты. Баяндамада ғалым жартас бетіндегі бейнелерде экзистенциялық құндылықтармен қатар, алғашқы қауым адамдарының терең дүниетанымдық көзқарастарын аңғаруға болатындығын жан-жақты мысалдармен пайымдап өтті.

Пленарлық мәжілістің тағы бір баяндамашысы Ресей Федерациясы Кемеров мемлекеттік университетіне қарасты Тарих және халықаралық қатынастар институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ольга Советованың «Минусинск ойпатындағы жартас өнеріндегі шынайы емес бейнелер» атты баяндамасын ерекше айтып өтуге болады. Жартастардағы петроглифтерге сараптама жасай отырып, кейбір арасында кездесетін фантастикалық бейнелер мен сюжеттерге тоқталды. Сонымен қатар, баяндама барысында қазіргі кездегі заманауи зертханаларда жүргізіліп жатқан жаңа әдістер жайлы баяндап берді. Өз сөзін қорытындылай келе, баяндамашы жартас бетіндегі бейнелердің зерттелуінің өзектілігін айқындап, Өзбекстан елінің аталмыш зерттеулерге көңіл бөліп жатқандығын жоғары бағалады.

Халықаралық ғылыми семинар өз жұмысын «Жартас бетіндегі мәдениет: тарих іздері және бейнелер»,

«Жартас бетіндегі мәдениет: сюжеттер мен пиктограммалар» және «Жартас бетіндегі мәдениет: әлемдік тәжірибе және Өзбекстанның бүгінгі болмысы» атты тақырыптар аясында үш сессияда жалғастырды.

Баяндамалардың ішінде А. М. Багировтың «Низами Гаянджеви шығармаларындағы тау, жартас және жартас суреттері», Д. В. Черемисиннің «Қола дәуірі кезеңіндегі Алтай петроглифтеріндегі қозғалыс бейнелері және Еуразиядағы миграция хақында», Н. Базылханның «Көне түркі таңбалары», Э. Р. Усманованың «Қола дәуірінің жерлеу ғұрпына байланысты бейнелер», Ф. Қ. Омаров пен Б. Б. Бесетаевтың бірлескен «Шығыс Қазақстанның жартас бетіндегі бейнелерге байланысты жаңа материалдар», Р. С. Жұматаевтың «Петроглифтердегі жылқы бейнесі: интерпретациясы мен семантикасы», Б. А. Железняковтың «Жетісу өңіріндегі Қайшы петроглифтері» және т.б. баяндамалар мол мағлұмат алатындай ерекше қызықты болды.

Ғылыми семинар келесі күнгі өзінің жұмысын 2007 жылдан бастап Әлемдік мәдени мұра ЮНЕСКО-ның тізіміндегі ашық аспан астындағы Гобустан тарихи-шығармашылық археологиялық қорығында жалғастырды. Семинарға қатысушылар Гобустан жартастарында 6800-ден астам мезолит дәуірінен ерте ортағасырларға дейінгі үздіксіз кезеңдерді қамтитын петроглифтермен, сонымен бірге, тарихи ескерткішке кіре берістегі интерактивті музеймен танысты.

Автор туралы мәліметтер:

Бесетаев Бауыржан Берканұлы – Археология және этнология магистрі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Археология, этнология және музеология кафедрасының аға оқытушысы (Алматы қ., Қазақстан); besetaev86@mail.ru

**О МЕЖДУНАРОДНОМ НАУЧНОМ СЕМИНАРЕ
«НАСКАЛЬНАЯ КУЛЬТУРА: МИФ, ХУДОЖЕСТВО, МИР»**

Б. Б. Бесетаев

В рамках международного семинара обсуждались актуальные проблемы и современные методы изучения наскальных изображений. В работе семинара приняли участие представители науки, культуры, ведущие ученые стран ближнего и дальнего зарубежья. Работа семинара была организована посекционно: «Наскальная культура: следы истории и рисунки», «Наскальная культура: сюжеты и пиктограммы» и «Наскальная культура: мировой опыт и реалии Азербайджана». Семинар продолжил свою работу 9 ноября в Гобустанском национальном историко-художественном археологическом заповеднике, где участники посетили музей петроглифов и ознакомились с древнейшим памятником изобразительного искусства.

Ключевые слова: международный семинар, современные методы, наскальная культура, петроглифы, Гобустан

**ABOUT THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC SEMINAR
“PETROGLYPHIC CULTURE: MYTH, ART, WORLD”**

B. B. Besetayev

Within the framework of the international seminar, topical problems and modern methods for studying rock paintings were discussed. The seminar was attended by representatives of science, culture, leading scientists from near and far abroad countries. The international scientific seminar was held in three parallel sessions covering the topics: “Petroglyphic culture: traces of history and drawings”, “Petroglyphic culture: stories and pictograms” and “Petroglyphic culture: world experience and realities of Azerbaijan”. The seminar continued its work on November, 9 in the Gobustan National Historical and Artistic Archaeological Reserve, where participants visited the museum of petroglyphs and got acquainted with the oldest monument of fine art.

Keywords: International seminar, modern methods, rock carvings, petroglyphs, Gobustan

About the Author:

Besetayev Bauyrzhan B. Master of Archeology and Ethnology, Senior Lecturer of the Department of Archeology, Ethnology and Museology at the Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; besetaev86@mail.ru

Статья поступила в номер 05.02.2020 г.